

Кремнийге қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 20 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссияның Кеңесі **шешті**:

1. ЕАЭО СЭҚ ТН 2804 61 000 0 және 2804 69 000 0 кодтарымен сыныпталатын кремнийге қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері осы Шешім күшіне енген күннен бастап 2016 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғандағы аралықта кеден құнының 0 пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) 8С ескерту мынадай редакцияда жазылсын:

"8С) Кеден құнының 0 (нөл) % мөлшерінде кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 20 шешімі күшіне енген күннен бастап 2016 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғандағы аралықта қолданылады.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

А р м е н и я Республикасынан В. Габриелян	Б е л а р у с ь Республикасынан В. Матюшевский	Қазақстан Республикасынан Б. Сағынтаев	Ресей Федерациясынан И. Шувалов
--	--	--	---------------------------------------